

Ясауи университеті

yasau.gazeti@ayu.edu.kz

университет студенттерінің цні

№2 (592) 26 ақпан 2026 жыл

ПӘКІСТАНДА ЯСАУИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТІН ЖАҢА ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Министр Саясат Нұрбектің бастамасымен Қазақстан университеттері үшін Оңтүстік Азия елдерімен, соның ішінде Пәкістанмен де ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге арналған жаңа тетіктер іске қосылды. Осы мемлекеттік ғылыми саясаттың нақты нәтижелерінің бірі ретінде Исламабад қаласында «Орталық Азия ислам білімі, мәдениеті және өркениетіне бағытталған Ясауи зерттеу» орталығының ашылуын атап өтуге болады. Аталған орталық Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Пәкістандағы Исламабад Халықаралық Ислам университеті арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында құрылды.

Әрине, орталықты ашу идеясы – 2025 жылғы қыркүйекте Астанада Президент Қ.Тоқаевтың төрағалығымен өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезі барысында тараптар арасында келіссөздер жүре бастады. Сол

жиында екі университет арасында арнайы келісім түзіліп, меморандумға Ахмет Ясауи университетінің ректоры Жанар Темірбекова мен Исламабад Халықаралық Ислам университетінің Президенті, профессор, доктор Ахмед Шуджа Сед қол қойды. Арада ұзақ уақыт өтпей, Исламабадта Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен мұрасын жүйелі түрде зерттеуге арналған ғылыми орталық өз жұмысын бастады.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі – исламды ғылыммен, біліммен, адамгершілікпен, рухани жауапкершілікпен ұштастырған ілім. Сондықтан бүгінгі әлемде, түрлі идеологиялық қақтығыстар мен діни радикализм күшейіп тұрған кезеңде Ясауи ілімі бұрынғыдан да өзекті.

Ахмет Ясауи бабамыздың мұрасы Орталық Азия елдері мен түбі бір түркі жұртына ортақ болғандықтан, орталықтың атауы ұзақ талқылаудың нәтижесінде бекітілді. Түркістандағы жоғары оқу

орнының таңдалуы да кездейсоқ емес. Қазақстанда Теология факультетін ең алғаш ашқан университет, әрі рухани ұстаз Қожа Ахмет Ясауи атында болуы серіктестікке себеп болды. Ал екінші тараптағы Исламабад Халықаралық Ислам университетіне қарасты Ислам зерттеу Институты – Пәкістандағы ең беделді ғылыми орталық.

Пәкістанда сопылық ілімге, Қожа Ахмет Ясауи мұрасына, Орталық Азиядағы ислам дәстүріне деген ғылыми сұраныс өте жоғары. Жаңа орталықтың негізі мақсаты да қызығушылыққа саяды, яғни – Орталық және Оңтүстік Азия кеңістігіндегі ислам өркениетінің ғылыми мұрасын кешенді түрде зерттеу, түркі және үнді-парсы ислам дәстүрлерін салыстырмалы талдау, классикалық сопылық пен заманауи исламтану бағыттарын тоғыстыратын ортақ ғылыми платформа қалыптастыру.

Жалғасы 2-бетте.

№2 (592) 26 ақпан 2026 жыл

Соңы. Басы 1-бетте.

Орталық қызметі аясында Ясауи мұрасын ағылшын, урду және араб тілдерінде ғылыми айналымға енгізу, бірлескен зерттеу жобаларын іске асыру, халықаралық конференциялар мен дәрістер өткізу, жас ғалымдар мен докторанттар үшін академиялық алмасу бағдарламаларын дамыту көзделіп отыр. «Бұл орталықтың ашылуы ғылы-



ПӘКІСТАНДА ЯСАУИ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕЙТІН ЖАҢА ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

ми жобаларды ғана қамтиды деп ойлау өте қате тұжырым. Ортақ серіктестік тарихтың қойнауында жатқан құлпытастар мен сырсаңдықты ашатын кілт. Осы кілт арқылы қазіргі таңда алғашқы есікті аштық. Бұл – білім арқылы бірігу идеясы. Бұл – руханият арқылы жақындасу идеясы. Бұл – ғылым арқылы болашақты бірге құру идеясы. Исламды терең оймен, парасатпен, ғылым мен мәдениет арқылы түсіндіру, дінді бөлінудің емес, бірігудің тіліне айналдыру. Ясауи орталығы болашақта тек зерттеу жүргізетін мекеме емес, өркениеттер арасындағы сенімнің,

мәдениеттер арасындағы түсіністіктің, халықтар арасындағы рухани байланыстың тірек нүктесіне айналатын орда. Осы Ясауи орталығы Қазақстан мен Пәкістан арасындағы достықтың, ислам әлеміндегі интеллектуалдық серіктестіктің және жаһандық ғылыми диалогтың жарқын символына айналады деп сенеміз», - дейді ректор Ж.Темірбекова.

Алдағы уақытта Ахмет Ясауи университетінің ғалымдары Пәкістанға барып, ортақ зерттеулер жүргізсе, пәкістандық профессорлар Түркістанға келіп дәріс оқиды деп күтілуде. Сондай-ақ, қос

тарап жыл соңында Қожа Ахмет Ясауи мұрасын кешенді зерттеуге арналған халықаралық ғылыми конференцияны Исламабад қаласында өткізу жоспарланып отыр. Бұл орталық арқылы ислам ғылымы өткеннің мұрасы ретінде емес, қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап бере алатын тірі философиялық ой жүйесі ретінде қайта зерделеніп, Қазақстан мен Пәкістан арасындағы серіктестік рухани мазмұнмен толыққан жаңа сапалық деңгейге көтеріледі.

**Университетінің
баспасөз қызметі.**

АУЫЗАШАР БЕРІЛДІ

Қасиетті Рамазан айында оқу ордамызда университет қауымына арналған дәстүрлі ауызашар кеші ұйымдастырылды. Игі шараға Өкілетті Кеңес Төрағасы Мухиттин Шимшек, Түркия Дін істері басқармасының басшы орынбасары Хафиз Осман Шахин, Түркия Республикасының Түркістандағы Бас консулы Левент Гүржан, Қазақстан Дін істері басқармасының өкілдері, ТРТ телеарнасының өкілдері, ректор Жанар Темірбекова мен ректор өкілі м.а Нажи Генч бастаған профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен студенттер қатысты.

Ауызашар барысында азан шақырылып, жиналған жамағат бірлесе дұға жасап, ауыз ашты.

Бүгінгі ауызашар дастарханына демеушілік жасаған – Түркия Республикасы Діни істері басқармасы мен Түркия Диянет қоры.

Айта кетейік, жыл сайын еліміздегі және Түркия Республикасындағы бірқатар азаматтар мен мекемелер қолдау білдіріп, Ораза айы бойы университетіміз-



де тегін ауызашар беріледі.

Өнер, дизайн және медиа факультетінің студенттері Жарамазан айтып кештің көркін кіргізіп, көпшіліктің көңілін көтерді. Ұлттық дәстүрді жаңғыртқан жастардың өнері жиналған қауымның ыстық ықыласына бөленіп, кештің рухани әсерін арттыра түсті.

Айлардың сұлтаны – Рамазан айындағы бұл игі дәстүр алдағы уақытта өзге де демеушілердің қолдауымен жалғасады.

Нұрай ИСАНХАН.

*СТУДЕНТТІК ҒЫЛЫМ

ЖӘДІГЕР ЖАЗУДЫҢ КІЛТІН ТАПҚАН

Бүгінгі сөз университетіміздің Түркология мамандығының 2-курс студенті Алпарслан Каваклы туралы болмақ. Ол бала кезінен тарихқа, көне қалалар мен археологиялық қазба орындарына ерекше қызығушылықпен қарап, құмартып келеді.

Ол жақында бір тарихи жәдігер тауып жұртшылықтың назарын өзіне аударды.

Оның айтуынша, 1990 жылдары еврей текті бір азамат бұл жерде алтын бар деп, Күлтөбені заңсыз қазған. Кейін орта мектеп оқушылары сол адамның қазған шұңқырларының бірінен жазуды тауып, музейге тапсырған.



- 2025 жылдың 5–12 тамыз айлар аралығында Түркиядан келген тарихшы ұстазымыз, доцент доктор Хайреттин Ихсан Ерчоппен бірге Қазақстанның Түркістан мен Қазалы қалалары арасында оғыздардың тарихи қоныстарында далалық зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Осы зерттеу барысында 2025 жылдың 6 тамызында Түркістан облысы, Сауран ауданы, Оранғай ауылындағы Мұхтар Әуезов атындағы мектеп музейінен түркі жазуы бар жазуды анықтадық. Жазу шамамен 20 сантиметрлік әктастың бетіне қашалған және астында ру таңбасы немесе су белгісіне ұқсас таңба бар. Жазудың қысқалығы және кейбір әріптердің ерекше нұсқада жазылуы мәтінді оқуды қиындатады, дегенмен мақаламызда екі түрлі оқу нұсқасын ұсындық. Таңба да әлі толық шешілуі қажет мәселелердің бірі, алайда оғыз ру таңбаларымен байланысты болуы мүмкін. Күлтөбе жазуына жақын маңнан бұрын да түркі жазулы ескерткіштердің табылуы, тарихи деректер мен археологиялық олжаларға сүйенсек, бұл өңірде оғыздардың өмір сүргенін және жазудың ерте оғыздарға тиесілі болып, IX–X ғасырларға жатуы мүмкін екенін көрсетеді. Түркістан маңындағы жазулар



сондай-ақ оғыз тілінің XIII ғасырда араб жазуына көшкенге дейін де жазба тіл болғанын дәлелдеп отыр,- дейді ол.

Бұл жазуды зерттеуімізге мектеп мұғалім Ахметов қозғау салды. Бүгінде мектеп музейіндегі №114 инвентарлық нөмірлі жазу 2003 жылғы тіркеуге алынған. Жәдігерлікті Оранғай ауылының жергілікті тұрғындары тауып, музейге тапсырған екен. 2010 жылы мұғалім Ахметов жазуы бар тасты зерттеу үшін еліміздің бірқатар университеттерге жіберген, алайда зерттеушілер жазуды оқи алмаған.

«Ескерткішті көрген сәтте барлық тарихи жәдігерлерді көргендегідей қатты қуанып, біраз толқыдым. Сол кезде бұл тастың әлі күнге дейін зерттелмегенін және тарихқа үлкен үлес қоса алатынымды да білмедім. Кейін мақаламыздың үлкен қызығушылық тудырғанын

және маңызды екенін естігенде қатты толқыдым» дейді болашақ ғалым Алпарслан.

Иә, бұл жаңалық болашақ түркітанушы маманның академиялық өміріне үлкен әсер етті. Жазуды жетекшісімен бірге ғылыми айналымға енгізіп, оқылу нұсқаларын ұсынғанда бұл түркология саласында ғана емес, тарих және археология бағытында үлкен жаңалық ретінде қабылданып, оны лезде танылуына жол ашты. Түркологияның көрнекті ғалымдарының бірі Ахмет Бижан Ержиласун Алпарсланның


ғылыми мақаласына жауап жазып, оң пікірін білдірді. Бұл жәдігерліктің кілтін ашуы оның ғылым жолындағы бастамаларының сәтті қадамы деуге болады.

Жазбаның кілті ашылған соң тарихшылар мен археологтар жәдігер жазуға үлкен қызығушылықтарын танытты. Қазақстан, Түркия ақпарат құралдарында бұл оқиға ғылыми жаңалық ретінде жарияланды. «Бұл мен үшін өте бір қуанышты жайт болып тұр. Бұйыртыса ақпанның 25-і күні Филология факультетінде баяндама жасағалы отырмын» дейді Алпарслан қуанышын жасыра алмай.

Асылжан ЕСІМХАНҰЛЫ,
Журналистика мамандығы
1-курс студенті.

АТАҚТАН БИІК - АДАМДЫҚ

Өнер адамының қадірі мен қасиеті атақпен өлшенбейді, марапатпен бағаланбайды. Оның шын болмысы таңдаған жолынан, өнерге деген махаббатынан, адамға деген қарым-қатынасынан аңғарылады. Күнде оқу кампусының кіре берісінен кез-келген адамды жылы жүзбен күлімдеп қарсы алатын Дархан Нұржанұлы, міне, сондай жан. Кейде «декан ғой, алшақтық сақтауымыз керек шығар» деп, кібіртіктеп, шегіншектеп, тосылып қалатынымыз рас. Қолыңды қысып, «аға» деп, іші-бауырыңа кіріп жағдай сұрай бастағаннан, әлгіндей ойға берілгеніңе іштей ұялып та қаласың. Сезімтал, сергек. Қарапайым мінезіңнен терең сыр іздейді. Қызметін бұлдап, айғайға басып, жоқ жерден тәртіпке шақырғысы келетін оғаш мінезі жоқ. Бипаз сөйлеп, байыппен байсалды мінез көрсетіп, шаруасын жай-жапсарымен шегендеп айта бастайды. Ұғасың, қаперіңе аласың. Бұл оның жүрегінің тазалығы. Ал, таза жүректен шынайы қызмет, шынайы ой, шынайы сыйластық туатыны белгілі.



Ия, Ахмет Ясауи университеті «Өнер, медиа және дизайн» факультетінің деканы Дархан Елжанов қызметін абырой үшін емес, жастардың жанына үңілу үшін жасайды. Ал, мұндай қызметте сабыр мен төзім керек. Өйткені, әр таң қат-қабат шаруамен басталады. Сабақ кестесі, студент өтініші, оқу үдерісі, тәрбие мәселесі... Осы конвейер таңнан кешке дейін бітпейді. Кейде мұндай үнсіз еңбек, көрінбейтін маңдай тер байқалмайды да. Осындай сәттерде басшының ішкі беріктігі мен төзімі сыналады. Менеджерлік қызмет – нәзік сезіммен жасалатын шаруа ғой.

Үш кафедра – үш түрлі әлем. Дизайн дархандықты, өнер буыр-

қанған ырғақты, медиа шығармашылық тазалықты қалайды. Бұлар бір-бірімен қабыспаса, білім де тоғыспайды. Ізденіс пен табыс – осында оқитын студенттердің тынысы. Теория мен практиканы салыстырып, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіру – шығармашылық мамандықтарына тән аксиома. Мұны Дархан жақсы біледі. Сондықтан үнемі сергек жүреді.

Дархан Нұржанұлына тән тағы бір мінез – қарапайымдылық. Шын басшы ешқашан айқайламайды. Ол өз биігін білігі, толеранттығы, адамға жақындасуы арқылы көрсетеді. Байқаймын, деканның күнделікті тіршілігі күнтізбеге бағынбайды. Үнемі студенттер

ортасында, оқытушылардың жанында. Көппен қатар жүріп, әр адамды тең көре білетін қарапайымдылығы оның қадірін ұжымға жақындатып, адамдардың сенімін арттыра түседі. Зады, көппен сыйласа білуі – туа біткен мәдениеті, терең адамгершілігінің белгісі болса керек. Кез келген ортада өзін еркін ұстайды, жас пен көріге бірдей ізет көрсетеді. Бұл ұжымда жылылық орнатып, әр адамның қадіріне жетуге мүмкіндік береді. Мұндай қасиет басшының беделін төмендетпейді, қайта биіктете түседі. Ол ұжымдағы әрбір ардагер оқытушыны ақылдасар ағаға, тірек болар тұлғаға теңейді. Көппен қатар сыйласа білетін осы адами болмысы – оның ортаға қадірлі болуына негіз болған сияқты.

Асылы, Дәкең музыка маманы. Ұстаз ретінде ол талай студенттің жүрегіне дәстүрлі әуен арқылы жол тапты. Сабақ – тек нота үйрету емес, рух тәрбиелеу екенін терең түсіндірді. Өнердің адамды ізгілікке бастайтын қуатын сезіндіре отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық болмысты, эстетикалық талғамды сіңіруге күш салды. Бұл ұстаным оның жоғары білім саласындағы

басты қағидасына айналды.

Жоғары оқу орнындағы еңбегі тек тәжірибелі педагог қана емес, ғылыми-әдістемелік бағытта ойлайтын ғалым ретінде де қалыптастырды. Ол орындаушылық өнер мен музыкалық білім беруді бір-бірінен ажыратпай, тұтас құбылыс ретінде қарастырды. Сабақ барысында да, ғылыми ізденістерінде де дәстүр мен жаңашылдықтың арасынан алтын көпір таба білді. Шәкірттеріне тек білім беріп қоймай, өз жолын табуға, өнерге адал болуға үйретті.

Ұжыммен жұмыс істеу, оқу-әдістемелік жүйені жетілдіру, білім сапасын арттыру бағытындағы қызметтерінде де оның байсалдылығы мен талапшылдығы айқын көрінді. Әрбір шешімінде ол адам факторын, ұстаз беделін, студент мүддесін алдыңғы орынға қоя білді. Сондықтан да әріптестері оны құрметтейді, ал шәкірттері сеніммен қарайды.

Дархан Нұржанұлының еңбегін бағалаған марапаттар мен атақтар – кездейсоқ берілген құрмет емес. Олар жылдар бойғы үздіксіз еңбектің, шәкірт жетістігінің, ғылым мен мәдениетке сіңірілген адал қызметтің өтеуі. Бірақ ол үшін ең үлкен марапат – өзі тәрбиелеген шәкірттерінің өнер сахнасында өз орнын табуы.

Ғалым ретінде оның оқу-әдістемелік құралдары мен ғылыми еңбектері музыкалық білім беру саласында маңызды бағдаршам болды. Сырнай мен аккордеонды үйрету әдістемесінен бастап, музыкалық антропологияға, қазақ хор музыкасының көптомдық хрестоматиясына дейінгі еңбектерінде ұлттық музыкаға деген терең сүйіспеншілік сезіледі. Бұл оқу құралдары мәдени жадыны сақтайтын рухани мұра.

Ғылыми мақалалары мен симпозиум, конференция аясындағы еңбектері де өнердің қоғамдағы рөлін, этномәдени үндестікті, руха-



ни жаңғыру идеясын кеңінен қамтиды. Ол үшін музыка – халықтарды жақындастыратын құрал, ұлтты ұйыстыратын күш, болашаққа бастайтын рухани арна.

Бүгінде «Өнер, медиа және дизайн» факультетінің деканы ретінде ол креативтілігімен танылып, жаңа буын жас ұстаздарға бағытбағдар беріп, өнер мен заманауи медианың тоғысқан тұсында ұлттық құндылықты сақтаудың үлгісін көрсетіп келеді. Оның өмір жолы – ұлық ұстаздары, халық әртістері Қажыбек Бекбосынның, Рахима Жұбатырованың, Райымбек Сейтметтің аманат етіп қалдырған қызметінің заңды жалғасы. Қазір Тынысбек Қоңыратбаев, Сауранбек Елеуов, Айткүл Сейтметова, Үміткүл Мелдебекова, Ұлбосын Күлетова, Меңдіғали Жүсіпбаев, Еркін Нұрымбетов, Әлімбай Ботақараев, Бөкенбай Жұмаділлә, Иманаәлі Сайманов, Мырзабек Сабыр, Айжан Тобағабылова, Мақсат Айтжанов, Салтанат Қырқымбекова, Асылзат Ибраева сияқты өнер майталмандарымен үзеңгілесе шәкірт тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып келеді.

Деканның менеджерлік басқару қабілеті – ұжымның бірлігі мен тұрақты дамуының басты кепілі десек, Дәкең кез келген істі жүйелі жоспарлап, алдына нақты мақсат қоя біледі. Сонымен қатар әр қызметкердің әлеуетін дұрыс бағалап, олардың кәсіби мүмкіндігін ашуға жағдай жасайды. Басшы ретінде талапшылдық пен адамгершілікті

қатар ұстап, ұжымда сенім мен сыйластыққа негізделген жұмыс жайлылық атмосферасын қалыптастырса керек. Дәкеңнің басқару стилі – заманауи менеджмент қағидаларына сүйенген, ұлттық құндылықтармен астасқан дара таным. Шешім қабылдауда байыпты, бастамаларды жүзеге асыруда батыл екенін көріп жүрміз. Әрбір тапсырманың астарында деканның стратегиялық ойы мен ұқыпты үйлестіру қабілеті айқын сезіледі. Ұжым мүшелерін жеке-жеке тыңдай білуі, компримисті пікірге келуі – оның нағыз менеджерге тән қасиеттерін айқындайды. Ең бастысы, ол факультеттің дамуын жеке мүддеден биік қойып, білім мен өнердің, ғылым мен шығармашылықтың бір арнада тоғысуына ықпал етуде. Осындай іскерлік пен ізгілікті қатар ұстанған менеджерлік қабілет факультеттің алға басуына, ұжымның кәсіби әрі рухани тұрғыда өсуіне берік негіз бола алады.

Қалай десек те, Дархан Елжанов өз ісіне берілген ұстаз, ұлт мәдениетіне жанашыр ғалым, адамдық болмысы мен кәсіби келбеті үйлескен басшы. Оның жүріп өткен жолы – жүрекке жылы, ойға терең, кейінгі буынға үлгі боларлық тағылымды ғұмыр.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
профессор, ҚР мәдениет
қайраткері.



Соңы. Басы өткен нөмірде.

«Бұл ойыңызды мен толық құптаймын» - деді бірден Н.К.Зейбек мырза. Түркі халықтарының бірлігі туралы көп толғанатынын, әсіресе «Ата жұрт» деп аталатын Қазақстанмен достастықты дамытуды армандап жүрген азамат екенін, бұл мәселені Сүлейман Демирелдің алдына қоятынын, ол кісіні ортақ Халықаралық қазақ-түрік университетін ашуға көндіретінін айтты.

Ұзаққа созылған әңгімеміз көңілден шығып, екеуміз де қалған бар өмірімізді туысқан түркі халықтарының достық қарым-қатынасын өркендетуге жұмсап, қолымыздан келгенінше қызмет етуге уәделестік. Бір-бірімізге ант бергендей құшақтасып қоштастық. Күллі түркі дүниесінің ынтымағы, бауырластығы жолында неше түрлі қиындықтарды жеңіп, адал қызмет етіп жүрген Намык Кемал Зейбек мырзамен бірінші кездесуім осылай болды.

1992 жылғы 30 сәуірде Түркияның Премьер-министрі Сүлейман Демирел мен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркістанға келді. Аэропортқа олар үш ұшақпен қонды. Оның біріншісінде журналистер, екіншісінде еріп келген өкілдер, ал үшіншісінде қос Президент болды.

Биыл халықаралық оқу ордамыздың құрылғанына – 35 жыл. Біз бұл белесті кезеңге арнап жаңа арнайы бет ашуды жөн көрдік. Жаңа бет, университеттің іргесін қалаған тұңғыш ректор, шаңырығына уық боп, керегесін кеңейткен алғашқы вице-ректорлар мен декандар, ардагер оқытушы-профессорлар мінберіне айналмақ.

Мұрат Жұрынұлы:

«АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ - МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ»

Қазақстан мен Түркия Президенттерінің қасиетті қаламызға сапары қарсаңында мен Сарыағаштағы шипажайда демалып жатқан Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбековпен жолығып, Президент Нұрсұлтан Назарбаевты тікелей өзі ашқан университетінің түркі халықтарына ортақ Халықаралық қазақ-түрік университеті болып өзгеруіне қалай қарар екенін біліп берсеңіз, деп өтініш еткен едім. Ол кісі уәдесін берген. Досым Намык Кемал Зейбек мырза Сүлейман Демирелді көндіруге сөз берген.

Осы сапарда С.Демирел мырзамен бірге келген Премьер-министрдің Бас кеңесшісі Н.К.Зейбек сөзінде тұрып, С.Демирел мырзаның Халықаралық қазақ-түрік университетін ашу жөніндегі идеяны қуана қолдағанын, М.Жолдасбеков болса, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл ұсынысты бірден мақұлдағанын айтты. Кейін ойлансақ, тұңғыш Президентіміз Түркістанда университет ашқан кезде тереңнен толғанып тапқан өз идеясының осылайша өріс алатынын білген екен...

Президенттер келгенде, қазіргі Қазыбек би көшесінің қос қапталында қос Президент пен оларға еріп келген кісілерге студенттер қошемет көрсетті. «Нұрсұлтан аға, өзіңіз ашқан университетке келуіңізді өтінеміз!» деген тілек жазылған сөздер ерекше көзге түсті. Себебі, облыс әкімшілігінің жоспарында екі ел басшыларының университетке соғу, студенттермен, оқытушы-профессорлармен кездесіп, әңгімелесу жоқ болатын. Алдында менің ұсынысым қабыл-

данып, бағдарламаға енгізілген болатын. Кейіннен біреулердің араласуымен алынып тасталған. Іштарлық қой... Ал, бізге олардың университетке келуі ауадай қажет еді.

Қос елдің басшыларына еріп жүрген сол кездегі облыс әкімі М.Үркімбаев «Президенттер сапарының бекітілген жоспарын бұзасыз ғой» деді. Ұлы бабамыздың мавзолейіне қос Президент зиярат етіп болған соң мені М.Үркімбаев іздетті. «Арманыңа жеттің. Ал, енді Президенттерді күтіп алуға дайынсың ба?» - деді ол бірден.

Университет ұжымы мен студенттер үшін Елбасымыз ауылға табан тірегенде соқпай, кездеспей қалу ауыр тиетін болғандықтан, бұл дайындыққа біздер алдын-ала мұқият кіріскен едік. Сонымен, Президенттер «Керуен сарайда» түстенген соң университетке келді. Біз үшін бұл естен кетпес тарихи оқиға болды: -Ал енді мына кісіге университет туралы жақсылап айтып бер, соңынан өтінішңді айтарсың, - деді Нұрсұлтан Әбішұлы жылы жүзімен. Байқағаным, «Шешіп бердім ғой, бар» - дегендей шырай білінеді.

Шынымды айтайын, менің жүрек толғанысымда шек болған жоқ. Әлі есімде, түркі халықтарының бірлігі жөніндегі жан-толғанысымды айта келе, баршамызға бабамыздың есімін алып, бәрімізге ортақ тарихи астанада орналасқан университет енді Халықаралық қазақ-түрік университетінің статусына ие болса деген мәселеге тоқталдым. Ол кісі бұл сөздерді бірден құптады. Осы басқосуда университет студенттері түрікше өлеңдер айтып, қонақтар-

мен түрікше сөйлесті. Қонақтар ден риза болды. Университетке Халықаралық мәртебе беру жөніндегі жоба қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде әрқайсысы бес данадан алдын-ала жасалып қойылған болатын.

- Сіздің азаматтарыңызға сенейін. Бір өтінішті орындаңыз. Мына жобаны Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей өз қолына тигізіңіз, - дедім Президентіміздің сол кездегі көмекшісі Қарағандыдан бірге жүрген досым Хайролла Қабжановқа. Ол уәдесін берді.

Арада екі күн өткенде республикалық газеттерде Түркістан Мемлекеттік Университетіне Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесі берілгендігі жөнінде хабар жарқ ете қалды. Осылайша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түркия Республикасы Үкіметі арасындағы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы Келісімге қол жетті.

Оған Қазақстан Республикасы Үкіметі үшін Премьер-министрдің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков, ал Түрік Республикасы үшін Сыртқы істер министрі Хикмет Четин қол қойды. Сөйтіп, оқу орнымыз Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп атала бастады, түркі әлеміндегі тұңғыш Халықаралық университет ашылып, өз статусына ие болды. Көп ұзамай, ҚР Білім министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков екеуміз Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы екі министрлік арасында келісім-шарт жасасу мақсатымен Түркияға бардық.

Бұл құжатты жазу оңайға түскен жоқ. Оны бір аптадай жаздық. Қос мемлекет үшін де оның маңызы орасан зор еді. Онда негізінен Университетті басқару туралы, оның материалдық-техникалық базасын жақсарту және өркениетке сәйкес дамыту мәселелері қаралды.

1992 жылдың 25 қыркүйегінде Анкара қаласында түрік, қазақ және орыс тілдерінде бірдей күші бар үш данадан жасалған осы

келісім-шартқа Түркия жағынан Білім беру министрінің бөлім меңгерушісі Айдоған Атаунал мен Жоғары білім жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары Уйгур Тазабей, Қазақстан жағынан Оқу министрінің бірінші орынбасары В.Т.Корольков пен Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры ретінде мен қол қойдым.

Халықаралық қазақ-түрік университетінің I Президентіне екі жақтың Үкіметаралық келісімімен тағайындалу құрметі мен бақытына ие болдым.

«Халықаралық университет басшылығында ортақ идеяға шын жүрегімен берілген адам істеуі керек» деді мені құттықтаған үкіметтер басшылары.

Осындай идеялар мені әрдайым құлшындырып отыратынын жасыра алмаймын. Көп ұзамай, Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысын жасадық. Бұл да оңайға түскен жоқ. Талай түндер көз шырымын алмай жұмыс істеуге тура келді. Мұны менімен бірге Анкара қаласында жұмыс істеген ниеттес әріптестерім жоққа шығармаса керек.

Екі ел зиялыларының келісімімен дүниеге келген Халықаралық университет Жарғысын Қазақстан жағынан Республика Премьер-министрі С.Терещенко, ал Түркия тарапынан Республика Парламенті бекітті.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ресми ашылу салтанатына Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзал қасиетті Түркістанға арнайы сапармен келді. Аса кең жүректі, марқұм, тамаша жан еді.

Университетке қонаққа келген ел басшыларына, қоғам қайраткерлеріне, халқына еңбегі сіңген азаматтарға университеттің «Құрметті профессоры» атағын беру дәстүрге айналған. Осындай №1 диплом Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа, №2 диплом Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Өзалға, №3 диплом Сүлеймен Демирелге зор қошемет үстінде ұсынылып, «Құрметті профессор» атағы берілді.

Тұрғыт Өзалға болашақ университет қалашығының құрылыс жобасы қатты ұнады.

Қос елдің Президенттері Халықаралық университетіміздің жобасын да анықтап берді. Сол күндер есіме түскенде жүрегім ерекше күйге толып, толқимын. Екі ел арасындағы келісім-шартқа сәйкес университетті сол алғашқы кезден бастап Үкіметаралық Өкілетті Кеңес басқарады. Оның сол кездегі төрағасы менің досым, Түркия Республикасының Мемлекет министрі Намык Кемал Зейбек болды.

Дәл қазіргі жағдайда, кезінде шаңға оранған Түркістанның қақ ортасында күмбезі көкпен таласып, еңсесі асқақ көрініп, өзін әлемге мойындата бастаған университеттің өсіп-өркендеуі, материалдық-техникалық базасының нығая түсуі, Түркия Республикасы тарапынан, Өкілетті кеңес тарапынан беріліп отырған нақты көмектің арқасында, сонымен қоса, менен кейін университетті басқарып келе жатқан басшылардың ерен еңбегінің арқасы, оқытушы-профессорлардың жеткен жетістіктерінің нәтижесі дер едім.

Бүгінде университеттегі түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағы жолында кезінде жасалған алғышарттар нәтижесінде бүкіл түркі дүниесінен, Түркиядан, Монғолиядан, Қытайдан, Египеттен, Пәкістаннан, Өзбекстан мен Қырғызстаннан, Америка Құрама Штаттарынан келіп оқып жатқан студенттерді көріп көзің тояды, олардың өзара ынтымағына көңілің сүйсінеді.

Кезінде Қазақстанның жоғары оқу орындарынан ғылыми атағы бар оқытушы-профессорлар құрамын шақыруға мәжбүр болсақ, бүгінде бұл оқу ордасының ғылыми әлеуетінің жоғары деңгейде екендігіне риза болып, негізін өзім қалаған, жер кіндігі, қасиетті Түркістаннан бой көтерген «Қожа Ахмет Ясауи бабамның атындағы университетім – менің мақтанышым» дегім келеді.

Асқат КЕҢЕСҰЛЫ,
мәтінді әзірлеген.

Жан саулығының сақшысы

Университет – тек білім ордасы ғана емес, сонымен бірге ересек өмірге қадам басу кезеңіндегі үлкен сынақ алаңы. Осы жолда студенттерге жөн сілтеп, ішкі те-пе-теңдікті сақтауға көмектесетін маманның орны бөлек. Мамандықтың қиындығы мен қызығы неде? Студент пен психолог арасындағы алтын көпір қалай орнайды? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде университет психологы Ләззат Мырзашовамен арнайы сұхбаттастық.



– Психолог мамандығы сырт көзге сабырлы көрінеді, бірақ бұл да үлкен жауапкершілік. Сіздіңше, жақсы психолог болу үшін ең басты қасиет не?

– Жақсы психолог жаман психолог деген ұғым жоқ. Білікті, білімді, мамандығын терең меңгерген психолог пен білімі таяз, біржақты, академиялық білімі жоқ психологтар болады. Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Білікті, білімді психолог үнемі ізденіс үстінде. Бір ғана өз басындағы жұмыстағы ахуалды ғана емес тұтас ұлтының тамырын басып, әлемнің тынысын сезіп тұрады. Білікті психолог – психология, әдебиет, мәдениеттің соңғы ғылыми жаңалықтарынан хабардар адам. Сонымен қатар психологтың ең басты қасиетінің бірі басқаның жан-жарасын сезіп, білу. Алдына келген адамды жазбай тану. Қажетті, дұрыс сұрақтарды қою арқылы ол адамның болмысын ашу.

– Көп адам психологты тек «басқаның мәселесін тыңдайтын адам» деп қарайды. Ал сіздің көзқарасыңызда психолог кім? Ал, оның қызметінің университеттегі рөлі, маңызы қандай?

– Психолог тек қана басқа-

ның мәселесін тыңдайтын адам емес, ол тағдырларды өзгертуші. Адамның өз-өзіне бойлап, өзімен жолығуға апаратын жолбасшы. Адамның қайратын, рухын оятып, үлкен істерге жігерлендіруші. Университеттегі қызметінің маңыздылығы сонда, сауатты психологтың пациенттері бір-екі апталық сессиядан кейін бойындағы жаман қасиеттерден арылып, іштегі сезімдерін қорытып, ашуын шығарып, өзін қабылдап, тұтастай өзгере түседі. Психолог – адам жанына пышақсыз ота жасайтын жантанушы. Оның маңыздылығы адамдардың ішінде жүрген түйткіл мен ешкімге ақтара алмай жүрген жан сырының аманаттаушысы...

– Студенттермен жұмыс істеу ерекше сала. Қазіргі жастардың психологиялық жағдайында қандай ерекшеліктер байқайсыз?

– Қазіргі студент-жастарды екі топқа бөлер едім. Бірі есейгісі келмейтін, өміріне жауапкершілік алуға қорқатын топ. Екіншісі тым ерте есейіп кеткен студенттер. Ерте есейіп, өзінің ғана емес ата-анасы, бауырлары үшін де жауапкершілік алып, оқуымен қатар 2-3 жерде жұмыс істеп жүрген студенттер бар. Оларың дені қыз балалар. Екінші топтағы студенттер есейгісі келмейді.

Олар өздеріне бәрі міндетті деп санайды. Көбінше ішіндегі эмоцияларын қорыта алмаған, қорқыныштары көп адамдар ұзақ жылдардан соң жетіледі.

– Қоғамда әлі күнге дейін «психологқа бару – әлсіздік» деген түсінік бар. Мұндай көзқарасты қалай өзгертуге болады деп ойлайсыз?

– Психологқа бару әлсіздік – деп ойлау оңтүстікке тән құбылыс болып саналуы мүмкін. Белгілі бір адам психологке жүгінсе, оны басқалардан өзгеше деп қарау жастар арасында да кездеседі. Осы көзқарасты өзгерту үшін университетте теология, филология, спорт және өнер, заң, медицина, экономика факультеттерінің студенттерімен кездесіп, өте әсерлі ағартушылық дәрістер жүргізілді. Нәтижесінде студенттер ашылып, көкейлерінде жүрген көптеген сұрақтарды қойды. Психологке қатысты студенттердің сұрақтары өте қызық та танымды болды.

– Сіздің кәсіби өміріңізден есте қалған ерекше оқиға немесе «осы сәт мені өзгертті» дегізген адам бар ма?

– Кәсіби өмірдегі есте қалған ерекше оқиға деп, түрмеде жат ағым өкілімен жұмыс істеп оның сенімі өзгерген сәтті ұмытпаймын. Ол кісі түрмеде өтетін ағартушылық жұмыстарында үнемі

маған қарсы келіп, елді, жерді жамандап отыратын. Кейіннен ол кісіден ата-анасын сұрап едім, өмірден өткенін айтты. «Олардың рухына Құран бағыштайсыз ба?» деген сұраққа, одан: өлген адамға Құран бағышталмайды, дұрыс емес, - деген жауап алдым.

Сол сәтте, сіз мемлекетке, елге, жерге емес ата-анаңызға ренжулісіз ғой, дедім. Имам Ғазалидің кітабында ата-ананың баланың алдында, баланың ата-ана алдында, достың досты, екі дүниеде ақысы, парызы бар. Соның бірі Құран бағыштау екенін ғылыми тұрғыдан түсіндіріп бергеннен кейін ол кісі қатты өзгерді. Қателігін түсінді. Келесі келгенімде асыға күтіп, дәрістерді мұқият тыңдайтын болды. Өйткені ата-ана баланың өзегі. Ол өз өзегін жек көріп тұрып, елін-жерін сүйе алмайды. Діни басқармада жұмыс істегенімде адамдардың сенімі ауысқан сәттер маған ерекше қуаныш сыйлайтын. Өйткені бір адамның жалған сенімін өзгерту атом бөлшегін мың бөлшекке бөлшектеуден де ауыр жұмыс.

– Алдағы уақытта университеттегі психологиялық қызметті қалай дамытқыңыз келеді?

– Мен психологиялық қызметтің жақсаруы үшін әуелі жұмыс кабинетіндегі кеңістікті ұлғайтар едім. Кеңістігі мол жерге, топтық сессия терапиялық жұмыстар жүргізер едім. Жастармен психология бағытында ғылыми танымдық оқырман клубын ашу ниетімде бар. Университетіміздің ғылыми-танымдық, экзистенциялық бағытта психологиялық газет шығару арманым. Әрине оның бәрі уақыт еншісінде.

– Сұхбатыңызға рахмет, жұмысыңызға сәттілік тілеймін.

**Сұхбаттасқан:
Дариға ДОСМАХАНБЕТ,
4-курс студенті.**

ЖАУ ЖОҚ ДЕМЕ ЖАР АСТЫНДА.....

Қазіргі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары қарқынды дамып, қоғам өміріне кеңінен еніп жатыр. Ол көптеген салаларда пайдалы болғанымен, кей жағдайларда теріс мақсатта қолданылууда. Соның бірі – ЖИ арқылы жасалатын алаяқтықтың жаңа түрлері. Бұл мәселе бүгінгі күннің өзекті тақырыптарының біріне айналды.



Бүгінде алаяқтар әлеуметтік желіні өз пайдасына шебер пайдаланып отыр. Instagram сияқты платформаларда адамдар жеке фотосуретін ашық түрде жүктейді. Осы суреттерді алаяқтар ЖИ көмегімен өңдеп, адамды ауруханада жатқандай немесе жол апатына түскендей етіп жалған бейнесін жасай алады. Кейін осы бейнелерді жәбірленушінің достары мен туыстарына «шұғыл ақша керек» деген хабарламамен бірге жібереді. Мұндай жағдайдың қауіптілігі – адамның бейнесі мен жүзі шынайы болып көрінуінде. Таныс адамның суретін көргенде көпшілік күмәнданбай, эмоцияға беріліп әрекет етеді және алаяқтарға сеніп, ақша аударып жібереді. Осылайша, жасанды интеллект адам сенімін пайдаланатын құралға айналып отыр.

Қазақстанда 2025 жылы 27 892 интернет-алаяқтық қылмысы тіркелген, бұл 2024 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсім. Бұл қылмыстар жалпы қылмыстардың 29 %-ын, ал барлық алаяқтықтардың 61 %-ын құрайды. Сол жылы 6 016 қылмыс ашылып, 1 750 адам жауапқа тартылды. (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің есебі, 2026, 3-бет)

Менің ойымша, қазіргі заманда әлеуметтік желіге жеке суреттерді ойланбай жариялау – үлкен қауіп. Бұрын бұл тек жеке өмірге қатысты

мәселе болса, қазір ол қауіпсіздікке де тікелей байланысты. ЖИ дамыған сайын адамның бет-әлпетін, дауысын және қимылын көшіру оңай. Сондықтан әрбір адам өз цифрлық қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін қазіргі медиа өнімдерден де көруге болады. Мысалы, көрермен арасында танымал болып жатқан «Мошенники» сериалы осы тақырыпты көтереді. Қазір сериалдың екінші маусымы жарыққа шығып жатыр. Сериалда алаяқтардың қалай жұмыс істейтіні, адамдардың сеніміне қалай кіретіні, олардың эмоциясы мен қиын жағдайын пайдаланып қалай алдайтыны көрсетілген. Сондықтан, «Мошенники» сериалын көру арқылы адамдар алаяқтардың әрекетін түсініп, сақ болуды үйрене алады.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект – заман талабы. Алайда, оны дұрыс қолданбасақ, ол үлкен қауіпке айналуы мүмкін. Сол себепті әр адам әлеуметтік желіде сақ болып, ақпаратты тексеріп, жеке деректерін қорғауы қажет. Бұл – қазіргі пайдасы мен зияны қатар жүретін заманда әрбір азаматтың маңызды міндеті деп ойлаймын.

(Суретті ChatGPT жасады)

**Толғанай АЙГӨЗ,
1-курс студенті.**

*Біздің сұхбат

ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЛАҢЫ

1991 жылы бой көтерген оқу ордамыз бүгінге дейін медицина саласының мамандарын үздіксіз даярлап келеді. Өзге факультеттерге қарағанда, Медицина факультеті оқу ордамыздағы ең көп контингентімен ерекшеленеді. Болашақ дәрігерлерді заман талабына сай озық ойлы, мейірімді адал азамат етіп тәрбиелеу – факультет ұжымының білім беру саласындағы мол тәжірибесінің нәтижесі. Осы ретте факультетінің деканы Гүлназ Оразбекқызы Нұсқабаевамен сұхбаттасып, медицинадағы ғылым, білім жөнінде біршама ақпаратты ұсынуды жөн көрдік.



– Қазіргі таңда медицина факультетінде студенттерді даярлау жүйесі қандай бағытта дамып жатыр? Жаңа әдістер немесе инновациялар енгізіліп жатыр ма?

– Қазіргі таңда медицина факультеттеріндегі білім беру жүйесі жаңа дәуір талаптарына сай. Мақсатымыз – болашақ дәрігерлерді тек сапалы теориялық біліммен емес, сонымен бірге заманауи клиникалық дағдылармен, сыни ойлау қабілетімен және цифрлық технологияларды тиімді қолдану дағдыларымен қамтамасыз ету. Алдымен, білім беру процесі студент-орталықты, құзіреттілікке негізделген модельге көшуде. Бұл әдіс студенттің нақты кәсіби дағдыларды меңгеруіне зор мүмкіндік. Ол тек уақытқа емес, білім мен дағдыны нақты демонстрациялауға негізделеді. Дәрігерлік практикада тиімділік пен жауапкершілікті арттырады. Мұндай тәсілдер студенттердің өз бетімен оқу, сыни ойлау және өмір бойы білім алуға бейімділігін арттырады. «Master Adaptive Learner» концепциясы ретінде танылған және медициналық білімде кеңінен қолданылады. Симуляциялық оқыту, оның ішінде стандартталған пациенттермен жұмыс – нақты клиникалық дағдыларды қауіпсіз ортада дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дипломдық біліктілікті арттыру курстары мен оқытушылардың кәсіби даму бағдарламалары белсенді енгізілуде. Ел көлемінде оқытушылар «Білім беруді

цифрландыру жағдайындағы ICT технологиялары», «Студенттердің кері байланысы және бағалау әдістері» сияқты заманауи оқу технологияларына арналған арнайы курстардан өтіп, педагогикалық шеберліктерін арттыруда. Ең маңызды және қарқынды дамып жатқан бағыттардың бірі – жасанды интеллект (AI) және интеллектуалды технологияларды оқытуға енгізу қолға алынуда. Осындай инновациялық әдістердің енгізілуі болашақ дәрігерлерді клиникалық және технологиялық тұрғыдан бәсекеге қабілетті етіп дайындауға мүмкіндік береді. Себебі бүгінгі медицина практикасы да тез өзгеріп, AI мен цифрлық шешімдерді күнделікті қолдануды талап етеді. Біздің факультетте де осы жаһандық үрдістерге сай жаңа оқыту әдістерін қолданып жатырмыз. Оқытушылар үнемі арнайы курстардан өтуде. Педагогикалық және цифрлық дағдыларын жетілдіруде. Сабақтарда интерактивті платформалар, виртуалды сценарийлер мен case-based әдістер белсенді түрде қолданылуда. Жасанды интеллект пен онлайн ресурстар студенттердің білімін тереңдетуге, практикалық дағдыларды нығайтуда жақсы жолға қойылған.

– Жаһандық пандемия әсері медицина саласына үлкен өзгерістер енгізді. Бұл тәжірибе студенттерді дайындауға қалай әсер етті?

– COVID-19 пандемиясы салаға да, медицина кадрларын даярлау

жүйесіне де түбегейлі өзгерістер әкелді. Пандемия цифрлық технологиялардың маңызын күрт арттырды. Онлайн-оқыту, виртуалды платформалар, қашықтан бағалау және симуляциялық бағдарламалар жедел түрде енгізіліп, медициналық білім беру гибриді форматқа көшті. Бұл студенттерге теориялық білімді үздіксіз алуға мүмкіндік берсе, оқытушыларды жаңа педагогикалық тәсілдерді меңгеруге итермеледі. Әрі пандемия дәлелдерге негізделген медицинаның (evidence-based medicine) және ғылыми ақпаратты жылдам әрі сыни тұрғыда талдай білудің маңызын ерекше көрсетті. Студенттер нақты уақыт режимінде жаңарып отырған клиникалық ұсынымдармен жұмыс істеуге, халықаралық зерттеулерді оқуға және белгісіз жағдайларда клиникалық шешім қабылдауға үйренді. Пандемия жағдайында дәрігердің тек емдеуші маман ғана емес, пациентпен, оның отбасымен және қоғаммен дұрыс қарым-қатынас орната алатын тұлға екені айқындалды. Осы тәжірибе қазіргі студенттерді даярлауда клиникалық ойлау, стресс-менеджмент және мультидисциплинарлық командалық жұмыс дағдыларын дамытуға басымдық беруге ықпал етті. Қорыта айтқанда, пандемия медицина білімін анағұрлым заманауи, икемді және практикаға жақын етті. Бұл өзгерістер болашақ дәрігерлердің кәсіби дайындығын жаңа деңгейге көтерді.

– Жас мамандарға ар-


налған медицина саласындағы қазіргі заманғы мүмкіндіктер мен трендтер туралы пікіріңіз қандай?

– Қазіргі таңда медицина саласы жас мамандар үшін кең мүмкіндіктер мен жаңа кәсіби бағыттарға толы динамикалық ортаға айналып отыр. Дәстүрлі клиникалық қызметпен қатар, медицинада ғылым, технология және инновацияның рөлі айтарлықтай артты. Дәлелдерге негізделген медицина мен персонализацияланған ем басты трендтердің біріне айналды. Генетикалық зерттеулер, молекулалық диагностика және биомаркерлерді қолдану арқылы емдеу тактикасын жеке науқасқа бейімдеу мүмкіндігі жас дәрігерлер үшін жаңа кәсіби көкжиектер ашуда. Цифрлық медицина мен жасанды интеллекттің дамуы – қазіргі заманның басты ерекшелігі. Телемедицина, электронды денсаулық сақтау жүйелері, клиникалық шешімдерді қолдайтын AI-құралдар жас мамандардан тек клиникалық білімді ғана емес, цифрлық сауаттылықты да талап етеді. Бұл үрдіс медицина мен IT саласының тоғысында жаңа мамандану бағыттарының қалыптасуына әкеліп отыр. Ғылымға бейім жас дәрігерлер үшін халықаралық зерттеу жобаларына қатысу, гранттық бағдарламалар, резидентура мен докторантура арқылы академиялық мансап құру мүмкіндіктері кеңейіп келеді. Жалпы алғанда, қазіргі медицина саласы жас мамандардан икемділікті, үздіксіз ізденісті және инновацияға ашықтықты талап етеді. Осындай қасиеттерді бойына сіңіре алған жас дәрігерлер үшін бүгінгі медицинаның мүмкіндіктері мол. Кәсіби даму жолы бұрынғыдан да кең әрі көпқырлы деп есептеймін.

- Сұхбатыңыз үшін, рахмет. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін!

**Сұхбаттасқан:
Гүлдана МЕЙІРХАНҚЫЗЫ.**

ЖИ журналист-студенттердің әлеуетін арттыра ала ма?



Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары біраз салаға ену үстінде. Ол тек техникалық немесе ғылыми бағыттарда ғана емес, шығармашылық пен ақпарат саласында да кеңінен қолданысқа енді. Әсіресе, журналистикаға тигізетін әсері ерекше. Сондықтан журналист-студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуда жасанды интеллекттің орны қандай деген сауал аса мән берілетін тақырып болып тұр.

Ең алдымен, жасанды интеллект ақпаратқа деген қолжетімділікті жеңілдететіні баршамызға мәлім. Демек бұл журналисттің деректерді іздеп, сараптап, фактілерді салыстыру секілді жұмыстарға кететін уақыттың қысқаруына мүмкіндік береді. Сөйтіп журналистің шығармашылық ізденіске молырақ көңіл бөлуіне жол ашады.

Онымен бірге қазіргі қоғамның қарқынды дамуы мен заманның ілгерілеуі себепті, журналист бұрынғыша ақпаратты жеткізіп, мәтін жазумен шектелмей, жаңа технологиялар мен мультимедиялық журналистиканы меңгерген шығармашыл және жан жақты жан болуы қалыпты жағдай. Бұл тұста жасанды интеллект тигізетін оң әсер, сурет, инфографика, -

бейне немесе аудио материалдарды өңдеуде тиімді жәрдем береді.

Барлық заттың тиімді және тиімсіз тұстары болғандай, жасанды интеллекттің де артықшылықтары мен әлсіз тұстары бар. Ол бір жағынан журналист-студентке мәтінді жетілдіру мен идеяны дамытуға қолдау көрсетсе, келесі тұстан дайын нәрсеге үйретіп, тәуелділік туғызып ойлау қабілетін бәсеңдетуі мүмкін. Сол себепті жасанды интеллектті орнымен қолдана білу-ең маңыздысы деп ойлаймын.

Қорытындылай келе жасанды интеллект-журналист студенттер үшін жәрдемші құрал. Ол ақпаратты жылдам тауып, түрлі шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға септігін тигізеді. Алайда, нағыз шығармашылықтың бастауы – өзінің шынайы көзқарасы мен қаламгерлік шеберлігімен қоса табанды еңбегінде жатыр. Сондықтан жасанды интеллект-тек көмекші құрал, ал негізгі құндылық-журналистің шын көңілінен туған сөз бен көзқарас.

**Зухра АЛИАСҚАРОВА,
Журналистика бөлімі
2-курс студенті.**

ҰСТАЗДАР СПОРТТА СЫНҒА ТҮСТІ



Университетімізде оқытушы-профессорлар мен қызметкерлер арасында дәстүрлі факультетаралық XXXIV спартакиада өтті. Спорттық дода 19–29 қаңтар аралығында ұйымдастырылып, ұстаздар қауымының салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталды.

Жарыс бағдарламасына кіші футбол, волейбол, ату спорты, тоғызқұмалақ, шахмат және арқан тарту спорт түрлері енгізілді. Қатысушылар әр спорт түрінен өзара бақ сынап, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Спартакиадаға университеттің түрлі факультеттері мен құрылымдық бөлімдері белсенді қатысты. Яғни, 12 факультет түгел, «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледжі, Кентау институты, сондай-ақ ректорат құрамалары жарысқа қатысып, өзара бақ сынады.

Спорттық-сауықтыру орталығының басшысы Еркебұлан Балғабаевтың айтуынша, биылғы спартакиада жоғары деңгейде

ұйымдастырылып, тартысты өткен. Қатысушылар жарысқа тыңғылықты дайындықпен келіп, белсенділік танытқан. Оның сөзінше, мұндай жарыстар ұстаздар арасында салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, ұжымдық бірлікті нығайтуға да үлкен үлес қосады.

– Жарыста бәсекелестік деңгейі жоғары болды. Қатысушылар әр команда жеңіске жету үшін бар күш-жігерін салып, ойындар тартысты әрі қызықты өтті. Командалар арасындағы ұпай айырмашылығы небәрі бір ұпайды құрады. «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби» колледжі жеңімпаз атанған, – дейді ол.

Орталық басшысының мәліметінше, алдағы уақытта спартакиаданы одан әрі жетілдіру жоспарланып отыр. Тіпті, осы көктемде бір жыл ішінде екінші рет спартакиада өткізу көзделуде. Бұл қатысушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, жарыстың ауқымын кеңейтуге мүмкіндік

бермек.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орын алған командалар мен үздік ойыншылар марапатталды. Сонымен қатар, спартакиадаға қатысқан спортшылардың ешқайсысы марапатсыз қалған жоқ. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы сыйлықтар табысталып, олардың спорттағы жетістіктері жоғары бағаланды.

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл спорттық шара ұстаздар арасында салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар, ұжымдық бірлікті нығайтуға зор үлес қосып келеді. Мұндай игі бастамалар ұстаздардың белсенді өмір салтын қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймай, жастарға үлгі болары сөзсіз. Алдағы уақытта да бұл дәстүр жалғасын тауып, университет өміріндегі маңызды спорттық шаралардың бірі болып қала бермек.

Әлихан АЙТБАЙ,
3-курс студенті.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassau@mail.ru